

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты

Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбаты

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Өлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.



Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына куанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы,

ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілісіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркеніетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану

үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тың қарқынмен жалғасын табады.

– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Өрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктердің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырма 22 пайызға дейін көтерілді.

(Соңы 2-5-беттерде).

Халық қалаулылары ел ішінде

Парламент депутаттары өңірдің тыныс-тіршілігімен танысты

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Парламент Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібековпен кездесті. Басқосуда елімізде қабылданып жатқан жаңа заңдар, олардың өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалы және Түркістан облысының биылғы көрсеткіштері кеңінен талқыланды.

Кездесуде халық қалаулылары жылды қорытындылап, заң шығару органында атқарылған негізгі жұмыстарды баяндады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси және экономикалық реформаларын жүзеге асыру, елімізді дамыту бағытындағы бастамаларға тоқталды. Өңірдің тыныс-тіршілігімен танысты.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров 2025 жыл Түркістан облысы үшін табысты болғанын атап өтті. Жыл қорытындысымен 43 елді мекенге табиғи газ тартылып, газбен қамту деңгейі 88,9 пайызға жетті. Қазіргі таңда облыста 606 елді мекен немесе 1,9 миллионнан астам тұрғын «көгілдір отынмен» қамтылған. Сонымен қатар 821 шақырым автожол жөнделуден өтіп, жолдардың нормативтік жағдайы 94,8 пайызды құрады. 52 мыңнан астам халқы бар 27 елді мекен сапалы электр қуатымен қамтамасыз етілді.

Инвестиция тарту және өндірісті дамыту бағытында да ауыз толтырып айтарлық нәтижелерге қол жеткізілді. Жыл басынан бері облыста жалпы құны 322 млрд. теңгені құрайтын 52 инвестициялық жоба іске қосылып, 7 636 жаңа жұмыс орны ашылды. Өнеркәсіп саласында 11 айдың қорытындысымен 1,4 трлн. теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 112,5 пайызды құрады.

Облыстың өнеркәсіптік әлеуетін арттыру мақсатында 20 индустриалды аймақ және «Туған» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді.

Кездесуде Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы заңның қабылданыуы өңір үшін маңызды тарихи жетістік ретінде атап өтілді. Аталған заң Түркістанның рухани-тарихи келбетін сақтай отырып, қаланың кешенді дамуына, инфрақұрылымды жетілдіруге, туризм мен инвестициялық тартымдылықты арттыруға жаңа серпін береді.

Сондай-ақ, білім беру, денсаулық сақтау, туризм және ауыл шаруашылығы салаларында атқарылған жүйелі жұмыстар өңір экономикасының тұрақты дамуына ықпал етуде.

Депутаттар Парламентте қабылданып жатқан жаңа заңдар туралы ақпарат беріп, олардың өңірлердің дамуына бағытталғанын атап өтті. Мемлекетті дамыту бағытындағы бастамаларды заңнамалық тұрғыда қолдау жұмыстары алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Жылдың алғашқы күні

106 сәби дүниеге келді



2026 жылғы 1 қаңтар күні Түркістан облысының перзентханаларында бір тәулік ішінде (сағат 00:00-ден 24:00-ге дейін) 106 сәби дүниеге келді. Оның ішінде бір егіз бала тіркелді.

Ең көп босану көрсеткіші облыстық перинаталдық орталықтарда байқалды. Атап айтқанда, Түркістан облысының №2 перинаталдық орталығында 19 сәби және 1 егіз дүниеге келсе, №3 облыстық перинаталдық орталықта 25 сәби өмірге келді.

Жаңа жылдың алғашқы күнінде дүниеге келген сәбилерге дәрігерлер тарапынан тиісті медициналық көмек көрсетілді. Аналар мен балалардың жағдайы тұрақты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Баспасөз – 2026

«Оңтүстік Қазақстан» газетіне 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу барысы жайлы МӘЛІМЕТ

(2026 жылдың 6 қаңтарына дейінгі көрсеткіш)

р/с	Аудан, қала аттары	Жазылғаны
1.	Сайрам	2201
2.	Ордабасы	2750
3.	Қазығұрт	2340
4.	Сарыағаш	2309
5.	Төлеби	2000
6.	Отырар	1802
7.	Созақ	1778
8.	Түркістан	1719
9.	Бөйдібек	1478
10.	Түлкібас	1442
11.	Шардара	1416
12.	Келес	1096
13.	Мақтаарал	1094
14.	Жетісай	1047
15.	Арыс	878
16.	Кентау	876
17.	Сауран	783
18.	Шымкент	1801
	Барлығы	28810

Бұқара пікірі

Оқу мәдениетін жақсартуға күш салайық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» деген тақырыппен «Түркістан» газетіне берген сұхбаты көпшіліктің көңілінен шығумен қатар, бірқатар ойларға жетелегені де рас. Иә, бүгінде әлем үлкен өзгерістер үстінде. Жаһандану дегенге енді жасанды интеллект қосылды. Технологияның қарыштап дамығаны соншалықты, жаңалық атаулының соңына ілесуде алмай қалдық. Осы ретте Мемлекет басшысының «Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген



жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына куанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары

елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ» деуі маған да үлкен ой салды.

Рас, замана ағымына сай бүгінде жұртшылық бейнежазба көруді әдетке айналдырғаны жасырын емес. Осы бір теріс ағым адамдарды оқудан, ой түйуден алшақтатып бара жатыр. Бұған мысал көп. Айталық, көшегі баспасөзге жазылу кезінде ағартушылық қызмет атқаратын мұғалімдеріміз «бізге зорлықпен газетке жаздыруға болмайды» дегенді алға шығарып, аса маңызды науқаннан бойларын аулақ салғылары келді. Иә, мұғалім бұл— қоғамның алдыңғы қатарлы

адамдары. Қоғамның қозғаушы күштері де солар. Бірақ, солай бола тұра олардың мән-мағынасы терең ақпараттарға аса мән бермеулері ойландырады. Адамдарды адастырар елес-қиял жастарды да тығырыққа тіреп тұр. Олардың арасында қай бағытқа жүрерлерін білмей адасып жүргендері де бар екенін жасырып, жабулауға болмайды. Сондықтан, Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, оқу мәдениетін көтеруге барынша атсалысуымыз керек.

Қабылбек ЕСПЕНБЕТОВ,
Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.